

ISSN 1727-0537

№ 1–2, 2024

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ
ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛЫ

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ



ӨЛКЕТАНУ КРАЕВЕДЕНИЕ

2001 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН
ОСНОВАН В 2001 Г.

ӨЛКЕТАНУ – КРАЕВЕДЕНИЕ

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ73VPY00029270
выдано Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан
19 ноября 2020 года

Подписной индекс – 76130

<https://doi.org/10.48081/ZTVY1322>

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Мерц В. К.,
к.и.н. (главный редактор)
Кабиденова Ж. Д.,
доктор PhD (заместитель главного редактора);
Рахимов М. И.,
магистр (ответственный секретарь);

Члены редакционной коллегии:

Аяган Б. Г., д.и.н., профессор;
Кабульдинов З. Е., д.и.н., профессор;
Абусейтова М. Х., д.и.н., профессор;
Таштемханова Р. М., д.и.н., профессор;
Пивовар Е. И., д.и.н., профессор (Россия);
Уильям Фиерман, доктор PhD (США);
Жусупова Л. К., д.и.н.;
Рахимов Е. К., доктор PhD;
Омарова А. Р. (технический редактор).

За достоверность материалов и рекламы
ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискеты не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на
«Өлкетану – Краеведение» обязательна.

© Торайгыров университет

МАЗМҰНЫ

ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕР

- Арынтаева Л. Ж.**
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ 5
- Бейсенбекова А. С., Ельмуратова Б. Ж.**
ТАРИХИ ЗЕРТТЕУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР:
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР 10
- Жандарова Г. С.**
ИСЛАМ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН КЕЗЕҢІНДЕ: ИНСТИТУТТАР МЕН БАҒЫТТАР 15
- Маратов Б. М.**
ОБЩЕСТВЕННЫЕ НАСТРОЕНИЯ И ПРОТЕСТНЫЕ ДВИЖЕНИЯ
В КАЗАХСТАНЕ В 70–90-е ГГ. XX ВЕКА 22
- Мухамедияров Д. Б.**
ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ДІНИ ҰСТАНЫМДАРЫ ТАРИХЫНАН 29
- Турлыбекова А. М., Жакупов М. О.**
ИЗ ИСТОРИИ ДЕПОРТИРОВАННЫХ НАРОДОВ В ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ 34
- Уразкулова К. А.**
XIX–XX ҒАСЫРДАҒЫ САРЫАРҚА ӨҢІРІНІҢ МЕЦЕНАТТАРЫ ЖӘНЕ
МЕЦЕНАТТЫЛЫҚТЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ 40

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

- Арынтаева Л. Ж.**
НАСКАЛЬНЫЕ РИСУНКИ (петроглифы) ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ 44

КИЕЛІ ГЕОГРАФИЯ

- Рахимов М. И., Пусырханова Р.**
ПАМЯТНЫЕ МЕСТА КАЗАХСКО-КАЛМЫЦКИХ СРАЖЕНИЙ
ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XVIII ВЕКА 49

Л. Ж. Арынтаева

Қ. Шүлембаев атындағы орта мектебі, Қазақстан Республикасы, Ақсу қ.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Бұл мақалада аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның идеялары мен бүгінгі Қазақстанның даму перспективасы салыстырыла талданады.

Кілтті сөздер: салау, партия, «Степной край» газеті, автономия, қазақ, буржуазия.

«Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,

Демейді қандай қазақ оны оң көзі.

Семей тұрсын, жеті облыс - бар қазақтан,

Талассыз жеке-дара тұр гой өзі».

С. Торайғыров

Әрбір халықтың сан ғасырлық тарихында ұлттың даму үдерісін, санасын жана арнаға бұрған айырықша тұлғалар болады. Олар рухани мәдениет деңгейін тың белестерге көтеріп, өркендеуінің сара бағыттарын айқындап береді. Төл тарихымызда осындай көшбасшылар қатарында Қазақ хандығының негізін салған Керей мен Жәнібек хандарды, хандықтың шекарасын кеңейткен, мемлекетімізді нығайтқан, оның сақталып қалуына өлшеусіз үлес қосқан Қасым, Есім, Хақназар, Тәуке, Абылай сияқты ел билеушілерін, ұлттық ойымыз бен халықтық зердемізді сапаға көтерген Абайды, ұлт ұстазына айналған Ахмет Байтұрсынұлын, жазба әдебиетіміздің классикалық үлгісін қалыптастырған Мұхтар Әуезовты, қазақ ғылымының қарыштап дамуына жол ашқан Қаныш Сатпаевты атауға болады. Осындай кесек тұлғалардың бел ортасында Әлихан Нұрмұхамедов Бөкейхан тұр.

Әлихан Бөкейхан 1866 жылдың 25 наурызында бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының жетінші ауылында дүниеге келген. Әлиханның әкесі Нұрмұхаммед те, анасы Бегім ханым да көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты адамдар болған. Тегіне қарамастан өте кішіпейіл жандар болған. Әкесі ит жүгіртіп, құс салған – кедей адам. Егін еккен, диірмен тартқан, азын-аулақ малы болған, балаларын оқытқан. Анасы – кестеші, оюшы,

сызушы, тігін машинасы жоқ кездің өзінде қолмен киім тіккен. Қайырымдылығы сол, өзінен нашарлардың киімін тігіп берген. Өздері мұсылманша қара танытын епті, ширақ, еті тірі ерлі-зайыптылар балаларын оқытуға күш салған.

Әлихан жасынан зерек болып өседі. Жергілікті молданың оқуынан кейін, Семейдегі үш сыныпты бастауыш мектепте, одан соң Қарқаралыдағы қазақ балаларына арналған мектепте жеті жыл оқыған. 1886 жылы Омбыдағы төрт жылдық техникалық училищеде, одан кейін Санкт-Петербург қаласындағы Орман шаруашылығы институтының экономика факультетінде білім алды. Төтенше емтихан тапсырып оқыған, заңгер деген де дипломы бар. Оқудан кейін Омбы қаласына оралып, орман шаруашылығы институтында математика пәнінен сабақ береді. Сол жылдары «Степной край» газетінің редакция алқасына кіреді. Ол қазақтың сиыр, қой және жылқы шаруашылығы туралы іргелі зерттеулерді ғана емес, тарих, этнография, әдебиет пен фольклорға арналған жүздеген мақала жазды. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» сынды халық ауыз әдебиетінің бірнеше үлгісін жинақтап, баспадан шығарды. 1916 жылдан бастап елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласады. Орынборда қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады. 1917 жылдың желтоқсанында бүкіл қазақтардың

алғашқы құрылтайында Қазақ автономиясы жарияланып, соның тұңғыш төрағасы болып сайланады. 1937 жылы Әлихан Бөкейханға жалған айып тағылып, Мәскеуде өлім жазасына кесіледі, үкіл сол-күні-ақ жүзеге асырылды.

Аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым Әлихан Бөкейханның артында қалған 15 томдық еңбегін парақтай отырып, оны тіпті күндіз-түні ұйықтамаған адам ба деп қаласыз. Қазақ, орыс тілдерінде өте сауатты, кәсіби жазылған мақалалары бүгінде жан-жақты терең талдамалы зерттеу еңбектеріне арқау болып отырғанын да айта кетуіміз керек.

Әлиханнның туған інісі Смахан төренің естеліктерінде жазылғанындай, ол халықты бай-кедей деп жікке бөлмеген, руы мен жүзіне қарап жатсынбаған. «...қазақтың аталы ауылының ұрлық-зорлықшылдығын жек көретін, бірақ қазақтың кедейін азғырып, байымен партия құруды ұят көретін. Қазақтың оқыған азаматтарын байшыл, пара алғыш, баймен құда болғышын Әлекең тәуір көрмейтін... Әлекеңнің мінезі – еш қазақпен аразбын демейтін, қастық қылмайтын, жек көретін адамымен амандаспайтын, сөйлеспейтін. Қазақтың еш нәрсесін алмайтын. Өлгенде 2,5 кез жер керек» дейтін жолдар оның жан-дүниесінің тазалығынан хабар береді.

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп жазады Әлихан Бөкейханов. Ұлттың намысын алға қойған Әлихан ел мен жер мәселесіне келгенде мінез танытудан тайынбаған. Рухы биік, өресі жоғары Әлихан Бөкейханов «не ойы, не білімі көлемді емес», деп есептейтін Сталинмен кездесуден бас тартқан. Ол туралы Әлімхан Ермеков естелігінде: «В. И. Ленин өзі төрағалық еткен алғашқы мәжілістің аяғында: «Автономияны құру жөнінде қазір Сталинге барып пікірлесіңдер, оның дайындаған жобасы бар, сонымен танысып, бар ойларыңызды түйістіріңіздер», - деп кеңес берді. Мәжіліске қатысушылар үзілісте түгелдей дәлізге шықтық. Қазақстандық делегацияның құрамы 15-тей адам болатын. Бәріміз Әлихан Бөкейхановты тостық. Әлекең Ленинмен оңаша пікірлесіп, әңгімелесіп қалған болатын. 15–20 минуттен кейін ол кісі де шықты. Біз: «Сізді Сталинге бірге кіру үшін тосып тұрмыз», – дедік. Әлихан бәрімізге салқындау қарап: Сталин не шешер дейсің, оның не ойы, не білімі

көлемді емес, қанша бір жетіскен жоба бар дейсің. Онан да өзіміз жеке шешкен дұрыс, – деп жүріп кетті» дейді. Тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп өркендеуі қауіпсіздігі аса маңызды. Халқымыздың ғасырлар бойы сақтаған тарихи-тағылымды істері, ұлт үшін халқымыздың бір туар азаматтары, білімпаз, білікті, елім деп сіңіреген қазақ ойшылдары мен зиялыларының жас жеткіншектерді елжандылыққа және патриоттық сезімге тәрбиелеудегі мәні аса зор. XX ғасырдың басында қазақ қоғамы үшін тарих беттері елеулі оқиғаларға толы болды. Сол оқиғалардың бірі 1917 жылы ақпан революциясы жеңісі Алаш Ордасының құрылуына алып келді. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен, қазақ елін дүниеге паш еткен қазақтың қайраткерлері: Ә. Бөкейханов., А. Байтұрсынов, М. Дулатов, И. Ғұмаров, Х. Ғаббасұлы тағы басқаларының халыққа сіңірген еңбегі мен қызметі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Олай дейтініміз, 1917 жылы 21–28 шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші бүкіл қазақ съезінде қаралған мәселедің бірі-қазақтың саяси партиясын құру еді. Партияның аты «Алаш» деп аталып, көпшілік дауыспен басшылық Ә.Бөкейхановқа жүктелген. «Алаш» партиясының он бөлімнен тұратын бағдарламасы жасалып, 1917 жылы 21 қараша «Қазақ» газеті баспасында бағдарламаның мақсаты мен міндеттері жарияланды. Бағдарламаның негізгі көздеген мақсаты: қараңғы қазақ елін сауатсыздығын жоюға; жалпыға бірдей ақысыз оқыту, мектептер мен медреселер және университеттер ашу; өз ана тілінде оқыту мен тәрбиелеу ісі жүзеге асырыла бастады [1].

Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту артық емес. Біріншіден, Әлихан еркіндік пен теңсіздікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және ақын жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз. Оның 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың творчествасымен таныстыруды көздеген материал жариялап, ал 1909 жылы ұлы ойшылдың шығармаларының Петерборда жарық көруіне мұрындық болып, өмірінің соңына дейін Қобыланды, Ерсайын, Қозы-Көрпеш – Баян сұлу және басқа көптеген

ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп және насихаттап өтуін, әрине, кездейсоқ жағдай деп айту қиын.

Болашақ қайраткердің өмір жолының қалыптасуына отарлық езгіге қарсы Кенесары бастаған жалпыұлттық көтеріліс (1837–1847) туралы ел арасындағы әңгіме, аңыздардың айтарлықтай ерекше әсері болғандығы аңғару қиын емес [2, 7 б.].

Ә. Бөкейханов қаһарлы 17 жылы қойған сауалына жауапты тарихтың өзі берді. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының өз халқын оятып, бостандық, теңдік және туысқандық жолына салу үшін жүргізген жанпида күресі туған халқымен бірге мәңгі жасамақ, ал бүгінгі күнде олардың азабы мол еңбегі азаматтықтың биік үлгісі ретінде қазақ елінің тарихи жадында қайта жаңғыру үстінде.

Алаш қайраткерлерінің білім беру саласы бойынша атқарған қызметтері де баршылық. Дәлел, Ә. Бөкейханов Қазақ халқының мемлекеттілігін құруға, қазақ жастары үшін мектептер мен медреселер, институттар, университеттер ашуға ұсыныс жасай отырып, «Далалық өлке» газетінде мақалалар жариялап, қазақтың көкірегі ояу азаматтарын жанына тарта ұйқыда жатқан қазақ халқының санасына ой қосты. Ал, қазақ зиялыларының майталманы ғалым, лингвист А. Байтұрсыновтың ағарту саласындағы еңбектері ұшан-теңіз.

А. Байтұрсынов мектептерде, училищелерде ұстаздық қызметін атқара жүріп, қазақ алфавитінің негізін қалап, қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасын жасап, латын алфавитінің алғашқы түп нұсқасын қалады.

А. Байтұрсыновтың жанына ерген серігі, ұлт қайраткері ғалым, ақын қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен «Алаш» қайраткерлерінің бірі М. Дулатов. Қазақ жастарының білім алуына өзінің үлесін тигізген «Арифметика» және «Табиғаттану» оқулықтарын жазды. Сонымен қатар, «Оян, Қазақ» жастарға тәрбиесі мол.

1920 жылдардың ортасында халыққа білім берудегі мектептер салу, театрды дамыту, кітап шығару ісінде материалдық-техникалық базасын жасаудағы мәдени шараларды дамытудың жолдарын қарастырған І. Қабыловтың еңбектерін атап өткен жөн [3].

Қазіргі кезде білімді жеке тұлғаға, қоғамға және мемлекетке сенімділікпен

тұрақты дамытуда, ұлттық қауіпсіздігімізді нығайтуда жастарды тәрбиелеу ісі әрқайсымыздың борышымыз. Әлихан Бөкейханов – заманының өзекті мәселелеріне жан – жақты қозғаған, халқының алдына тарих қойған өткір сұрақтарға жауап бере алған, ұлтының тағдыры тығырыққа тірелгенде, содан шығар жолды көрсете білген, қазақ – қамқоршысы [4.15 б.].

Әлихан Бөкейхановтың қазақ тарихындағы алатын орны ерекше. Қазақ хандығының өткенін зерделей келе, 1914 жылы жазған мақалаларының бірінде «Хан баласында қазақтың хақысы бар: қалай да қазақтың бір қызметіне жарамай қоймаймын!» – деп жазады. Іс-әрекеттерінен, шығармаларынан саналы ғұмырының соңғы демі қалғанша осы сертіне адал болғаны байқалады. Қорытындылай келе, біріншіден, Әлиханнның Мемлекеттік Думаға алғашқы қазақ болып сайланғаны, оның өзін патша үкіметіне мойындатқаны деп білем. Екіншіден, Әлиханнды түсіну үшін алаш қозғалысының тарихын білу керек. Ол Алаш қозғалысының жетекшісі болып қана қоймай қазақ зиялыларын біріктіруші, Азамат соғысы жылдарында қызыл әскерге қарсы қарулы күресті басқарған «буржуазияшыл ұлтшыл», ғалым, әрі Қазақстанды бес саусағындай білетін теңдессіз сарапшы ретінде танылған – қоғам қайраткері. Үшіншіден, сол кездің өзінде-ақ ғұмырының бір бөлігін шығармашылыққа арнап, «Қазақ» газетінің негізін қалады. «Қазақ» газеті осынау аз ғұмырының ішінде барша қазақ зиялыларын ортақ мақсат жолында топтастыра алды және ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйтқы болған да осы газет. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген сөзінің астарында зор мән – мағына жатыр.

Аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым Әлихан Бөкейханның артында қалған 15 томдық еңбегін парақтай отырып, оны тіпті күндіз-түні ұйықтамаған адам ба деп қаласыз. Қазақ, орыс тілдерінде өте сауатты, кәсіби жазылған мақалалары бүгінде жан-жақты терең талдамалы зерттеу еңбектеріне арқау болып отырғанын да айта кетуіміз керек. Әлиханнның туған інісі Смахан төренің естеліктерінде жазылғанындай, ол халықты бай-кедей деп жікке бөлмеген, руы мен жүзіне қарап жатсынбаған.

«...қазақтың аталы ауылының ұрлық-зорлықшылдығын жек көретін, бірақ қазақтың кедейін азғырып, байымен партия құруды ұят көретін. Қазақтың оқыған азаматтарын байшыл, пара алғыш, баймен құда болғышын Әлекең тәуір көрмейтін... Әлекеңнің мінезі – еш қазақпен аразбын демейтін, қастық қылмайтын, жек көретін адамымен амандаспайтын, сөйлеспейтін. Қазақтың еш нәрсесін алмайтын. Өлгенде 2,5 кез жер керек» дейтін жолдар оның жандүниесінің тазалығынан хабар береді.

Әрбір қазақ жастары ұлтжандымын деп ұғынып, бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Кезінде Әлихан: «Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде, бөлек мемлекет орындалғанын өзі көрмесе де, бүгінде оның ұрпағы көруде. Тағдыры қайғылы аяқталғанымен, ол ел үшін еңбек сіңірген, ұрпағына үлгі қалдырған, тарихымызға өшпес із салған қайраткердің есімі ел есінде мәңгі қала бермек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Нүрпейісов, К. Алаш һәм Алашорда. Алматы : – Ататек, 1995. – 256 б.
- 2 Бөкейханов, Ә. Н. Шығармалар. – Алматы : Қазақстан, 1994. – 384 б.
- 3 Қойгелдиев, М. Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 366 б.
- 4 Бөкейхан Әлихан Энциклопедия / Бас. ред Ж. Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. – 784 б.



А. С. Бейсенбекова, Б. Ж. Ельмуратова

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ТАРИХИ ЗЕРТТЕУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

Мақалада ақпараттық технологиялар (АТ) - өткенді зерттеу, талдау және түсіндіру тәсілдерін қолдану негізінде тарих сабағын өзгертуі жайлы, олардың тарихшыларға жаңа мүмкіндіктер ашып, білім шекараларын кеңейте отырып, тарихи зерттеудің ажырамас бөлігіне айналғандығы мен ақпараттық технологияның тарихты зерттеуге қалай әсер ететінін қарастырылады. Географиялық ақпараттық жүйелерінің (ГАЗ) тарихи зерттеулерде маңызды рөл туралы баяндалады.

Кілт сөздер: ақпараттық технологиялар, географиялық ақпараттық жүйелер, деректерді талдау, онлайн қоғам.

XX ғасырдың ортасында атақты ғалым В.М.Глушков: «ЭЕМ желілері мен оларға терминал арқылы байланысу жүйелерінің дамуы келесі ғасыр басында техникалық жағынан жетілген елдерде ақпараттың басым бөлігі, бірінші кезекте, ғылыми техникалық, экономикалық, саяси – әлеуметтік мәліметтер қағаз күйде – ЭЕМ жадында сақталады. Соның салдарынан XXI ғасыр басында осындай ақпаратты пайдалана алмайтын адам XX ғасыр басында оқи да, жаза да алмайтын жанға ұқсас болады...», – деген болатын.

Ақпараттық – телекоммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол

ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса зор.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдіс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді және компьютерлік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары.

Ақпарат алмасу істеріндегі компьютерлік технологиялар рөлі өте жылдам өсіп келе жатыр, соңғы кезде телефон, радио, теледидар сияқты құралдар орнына электрондық телекоммуникациялық құрылғылар пайдаланыла бастады, олар – өндірістік, әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерге кеңінен араласып келе жатқан электрондық

почта мен интернет жүйелері болып табылады.

Оның орта білім жүйесіндегі алатын орны қазіргі ақпараттық қоғамдағы кәсіби қызметінің негізі болып табылатын әлемнің ақпараттық – жүйелік бейнесін жасау, ақпараттық орта мен адамның тиімді қарым – қатынасын қалыптастыру сияқты мәселелермен анықталып келеді. Осыған қоса қазіргі кезде педагогикалық ғылым саласында да оның әдіснамасы мен парадигмасын жетілдіруге қажет тереңдетілген әлеуметтік өзгерістер болып жатыр.

Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты – заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес оқушыларды тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру болып табылады. Ақпараттандыру ісінде білім жүйесінің адамзат тіршілігінің барлық әлеуметтік аймақтармен әрекеттесуі және олардың бір – біріне әсер етуі толық бейнеленеді. Мұнда білім беру ісінің өзі де күрделі құрылымнан тұратын жүйе ретінде қарастырылады.

Осындай күрделі жүйенің бір-бірімен және қоғамдық өмірдің басқа аймақтарымен де тығыз байланысқан бес бөліктен тұратыны анықталды; олар: теориялық – методологиялық, педагогикалық, экономикалық, ұйымдастырушылық және технологиялық жүйелер. Сол себепті қазіргі кезде білім саласындағы ең өзекті мәселеге ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық жағы емес, керісінше оның ұйымдастырушылық, әлеуметтік және педагогикалық жақтары айналып отыр.

Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде жаңа педагогикалық әдістерді қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін ақпараттандыруды зерттеу істері оқулықтар шығарумен қатарласа немесе оның алдында атқарылуы керек.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық почта, телеконференция, видеоконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуда. Бірақ кез

– келген жаңалықтың жақсылығымен қатар зияны да болатыны да белгілі. Мұндағы ең басты назар аударарлық мәселе: олардың ара салмағы. Демек кемшілігін түзеп, зиянын жойып, артықшылығын жетілдіре түсу қажет.

Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде жаңа педагогикалық әдістерді қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін ақпараттандыруды зерттеу істері оқулықтар шығарумен қатарласа немесе оның алдында атқарылуы керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазіргі ақпараттық әлемде ерекше орын алады. Компьютерді иелену дағдылары, күнделікті жұмыста АКТ пайдалана білуі, WWW (Интернетпен) жұмыс істеу, теориялық информатика негіздерін білу, мектеп түлектерінің ақпараттық мәдениеті, адамзат қолындағы электрондық ақпараттық ресурстарды жасау және пайдалана білу – жаңа ғасырдың артықшылығы осындай.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары:

- әдіснамасын жетілдіру мен стратегиялық мазмұнын таңдау;
- әдістері мен формаларын ұйымдастыру;
- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту;
- оқытудың әдістемелік жүйесін жасау;
- оқушының интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағыттау;
- өз бетімен білім алу біліктілігін қалыптастыру;
- ақпараттық – оқу, эксперименттік – зерттеу қызметінің өз бетімен түрі іс – әрекеттерін жүзеге асыру;
- тестілік, диагностикалық бақылау әдістері мен оқушылардың білім деңгейін бағалау.

Болашақта Қазақстанда білім беру жүйесін ақпараттандыру телекоммуникациялық желілерді жасау және дамытумен ұштасады. Ал білім беру жүйесінің негізгі міндеттері біртұтас телекоммуникациялық желіні құру және дамыту арқылы шешіледі.

Ақпараттық технологиялар (АТ) – өткенді зерттеу, талдау және түсіндіру тәсілдерін қолдану негізінде тарих сабағын

өзгертті. Олар тарихшыларға жаңа мүмкіндіктер ашып, білім шекараларын кеңейте отырып, тарихи зерттеудің ажырамас бөлігіне айналды. Ақпараттық технологияның тарихты зерттеуге қалай әсер ететінін қарастырайық:

1 Ақпараттарға қолжетімділік: АТ тарихи көздер мен материалдарға қол жеткізуді едәуір жеңілдетті. Интернеттегі мұрағаттар, кітапханалар, мәліметтер базасы және ресурстар арқылы тарихшылар жұмыс орнынан шықпай-ақ құжаттарға, карталарға, фотосуреттерге, артефактілерге және басқа материалдарға оңай қол жеткізе алады.

2 Деректерді талдау: АТ тарихшыларға деректердің үлкен көлемін талдауға және олардан құнды білім алуға мүмкіндік береді. Компьютерлік талдау және статистика әдістері арқылы тарихшылар тарихи оқиғалар мен процестердегі заңдылықтарды, тенденциялар мен қатынастарды анықтай алады.

3 Географиялық ақпараттық жүйелер (GIS): GIS тарихшыларға тарихи оқиғалардың кеңістіктік аспектілерін елестетуге және талдауға мүмкіндік береді. Олар халықтардың қозғалысын, аумақтардың таралуын, шайқастарды және басқа географиялық деректерді көрсететін интерактивті карталар жасай алады.

4 Виртуалды қайта қалпына келтіру: Компьютерлік технологияның көмегімен тарихшылар тарихи нысандар мен орындардың виртуалды қайта қалпына келтіре алады. Бұл мұғалімдер мен оқушыларға өткенді жақсы түсіну үшін ежелгі қалаларды, ғимараттарды, шайқастарды және мәдени артефактілерді қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

5 Онлайн қоғам: Интернет пен әлеуметтік медиа бүкіл әлемдегі тарихшылар арасында байланыс пен идеялармен алмасу үшін кеңістік жасайды. Онлайн форумдар, блогтар және әлеуметтік платформалар тарихи тақырыптарды талқылауды ынталандырады, ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуға ықпал етеді.

6 Қашықтықтан оқыту: Қашықтықтан оқыту және онлайн курстардың мүмкіндіктері оқушылар мен тарихшыларға географиялық шеңбермен шектелмей тарихты зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл

оқытуды қол жетімді және икемді етеді, бұл барлығына өздеріне ыңғайлы уақытта оқуға мүмкіндік береді.

7 Зерттеу және инновация: АТ үнемі дамып, тарихи зерттеулерге жаңа мүмкіндіктер ашады. Компьютерлік технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз ету және аналитикалық әдістер саласындағы инновациялар тарих ғылымының дамуын және оның шекараларын кеңейтуді ынталандырады.

Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ) тарихи зерттеулерде маңызды рөл атқарады, бұл тарихшыларға өткен оқиғалар мен процестердің кеңістіктік аспектілерін талдауға және визуализациялауға мүмкіндік береді. Тарихи зерттеулерде ГАЗ-ны қалай қолданудың бірнеше әдісі:

Тарихи деректердің картографиялық көрінісі: ГАЗ халықтың таралуын, мемлекеттердің шекараларын, халықтардың көші-қонын, сауда жолдарын және тарихи оқиғалардың басқа кеңістіктік аспектілерін көрсететін карталар жасауға мүмкіндік береді. Бұл тарихшыларға болған оқиғалардың географиялық контекстін және олардың қоғамның дамуына әсерін жақсы түсінуге көмектеседі. Тарих сабағында Түрік қағанатының алғашқы мекен еткен аймағын, теле тайпаларын, жужандарды, енисей қырғыздарын жаулап алу арқылы территориясын Шығыста Хуанхэ өзенінен батыс Босфорға дейін кеңейткенің бүгінгі тарихи картада белгілеп көрсету.

Кеңістіктік деректердегі өзгерістерді талдау: ГАЗ көмегімен тарихшылар уақыт өте келе объектілер мен құбылыстардың географиялық таралуындағы өзгерістерді талдай алады. Мысалы, олар тарихи кезеңдегі мемлекеттер шекарасындағы, халықтың таралуындағы, жерді пайдаланудағы және басқа параметрлердегі өзгерістерді зерттей алады. Тарих сабағында Алтын Орда мемлекетінің шарықтау шегіндегі картасы мен ыдырағаннан кейін бірнеше мемлекеттердің аумақтарындағы өзгерістерді оқушыларға талдау ұсыну.

Аумақтық қақтығыстар мен соғыстарды зерттеу: ГАЗ әскери қақтығыстар мен соғыстардың географиялық аспектілерін, соның ішінде

шабуыл мен қорғаныс маршруттарын, әскери күштердің таралуын, стратегиялық қондырғыларды және басқа кеңістіктік параметрлерді талдауға мүмкіндік береді. Бұл тарихшыларға соғыс қимылдарының себептері мен салдарын тереңірек түсінуге көмектеседі. Мысалға, Моңғол шапқыншылығының негізгі бағыттарын, әдістері мен әскери жасақталуын, шапқыншылықтың әсерін талдауға мүмкіндік береді.

Халықтардың көші-қоны мен қоныс аударуын зерттеу: ГАЗ көші-қон ағындарын, халықтардың қозғалысын және этникалық топтардың географиялық таралуындағы өзгерістерді бақылауға және талдауға мүмкіндік береді. Бұл тарихшыларға халықтың динамикасын, көші-қонның себептерін және олардың тарихи процестерге әсерін зерттеуге мүмкіндік береді. Тарих сабағында «Халықтардың ұлы қоныс аударуын» түсіндіру барысында географиялық таралуындағы өзгерістерді белгілеп,

халықтың динамикасын көрсетіп, көшу себептері анықтауға мүмкіндік береді.

Тарихи оқиғаларды визуализациялау: ГАЗ тарихшыларға тарихи оқиғалардың әртүрлі аспектілерін бейнелейтін интерактивті карталар мен визуализациялар жасауға мүмкіндік береді. Бұл тарихи ақпаратты зерттеушілер мен жұртшылық үшін қол жетімді және түсінікті етеді.

Осылайша, географиялық ақпараттық жүйелер тарихшыларға өткен оқиғалар мен процестердің кеңістіктік аспектілерін талдауға және адамзат тарихына жаңа түсініктер алуға мүмкіндік беретін тарихи зерттеулердің қуатты құралын ұсынады.

Тұтастай алғанда, ақпараттық технологиялар тарихи зерттеуде шешуші рөл атқарады, бұл оны қол жетімді, интерактивті және өнімді етеді. Оларды пайдалану тарихшылар мен оқушыларға жаңа перспективалар ашады, инновацияларды ынталандырады және қазіргі мен болашақты жақсы түсіну үшін өткенді терең түсінуге ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Мұхамбетжанова, С.Т., Мелдебеков, М.Т.** «Педагогтардың ақпараттық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: «Дайыр баспасы», 2010. – 17 б.

2 «ҚР білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы».

3 **Бабаев, С., Қазиева, К.** «Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапша мұғалім еншісі. – Алматы. – 2011. – 4 б.

4 **Бидайбеков, Е. Ы., Мұхамбетжанова, С. Т.** «Тұрақты даму үшін білім беру: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сапалы білім берудің шарты ретінде оқу үдерісіне енгізудің әдіснамалық негіздері» – Алматы, 2018. – 10 б.

5 [Электрондық ресурc]. – <https://quod.lib.umich.edu/j/jahc/3310410.0006.211/-anne-kelly-knowless-past-time-past-place-gis-for-history?rgn=main;view=fulltext> (Қол жеткізу күні 16.03.2024)

6 [Электрондық ресурc]. – <https://typeset.io/pdf/historical-gis-technologies-methodologies-and-scholarship-1bntxypz6a.pdf> (дата обращения 15.03.2024)

7 [Электрондық ресурc]. – https://www.google.com/search?q=%22Placing+History%3A+How+Maps%2C+Spatial+Data%2C+and+GIS+Are+Changing+Historical+Scholarship%22+edited+by+Anne+Kelly+Knowles&oq=%22Placing+History%3A+How+Maps%2C+Spatial+Data%2C+and+GIS+Are+Changing+Historical+Scholarship%22+edited+by+Anne+Kelly+Knowles+&gs_lcrp=EgZjaHJvbWUyBggAEEUYOdIBCTI4ODhqMGoxNagCALACAA&sourceid=chrome&ie=UTF-8 (Қол жеткізу күні 15.03.2024)

8 [Электрондық ресурc]. – https://www.thriftbooks.com/w/mapping-time-illustrated-by-minards-map-of-napoleons-russian-campaign-of-1812_menno-jan-kraak/10033990/#edition=9484184&idq=62921079 (Қол жеткізу күні 15.03.2024)

Г. С. Жандарова

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ИСЛАМ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН КЕЗЕҢІНДЕ: ИНСТИТУТТАР МЕН БАҒЫТТАР

Мақалада еліміздегі ислам діннің даму тарихы мен мәселесі туралы қамтылады. Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстандағы ислами білім беру жүйесі діннің ізгілік пен имандылыққа бастайтын мейірім діні екендігі жайлы айтылады. Сонымен қатар мешіттер қалай жұмыс жасағандығы және Діни радикалдану Қазақстандағы діни ұйымдар, туралы жазылған.

Кілтті сөздер: ислам діні, мешіт, салт-дәстүрі, кемелдендіру сипаты, ізгілікке бастау жолы, діни ахуал.

Тәуелсіз Қазақстан тарихына жүгінсек исламдық институттардың ықпалының артқанын байқамыз. Соңғы жылдардың тәжірибесі исламның қоғамдағы руханилықты қолдап, дамуға қуатты жасампаз ықпалын тигізетінін дәлелдейді. Зорлықты қабылдамау, сондай-ақ нәсілдік және ұлттық төзбеушіліктен бас тартатын Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) ілімінің бейбітшіл мәні еліміздегі тұрақтылықты сақтап, одан әрі нығайтуға жағымды әсерін тигізеді. Өзінің «Сындарлы он жыл» атты кітабында Елбасы былай деп жазады: «Біз, қазақтар үшін ислам – біздің дүниетанымызды анықтайтын ең алдымен жоғары идеал мен факторы, бұрындары ұмытылып кете жаздаған бай мұсылмандық мәдениеті мен ата-бабаларымыздың рухына деген тиісінше баға берудің Рәмізі іспеттес». Тәуелсіз Қазақстандағы ислам ықпалды қоғамдық күшке айналды. Мұсылман бірлестіктерінің саны қарқынды түрде өсуде. Егер 1991 ж. олардың саны тек 68 болса, 2000 жылдар басында 1652-ге жетті, ал 2011ж. 1-қантарында 2756-ға көтерілді. Елімізде жаңа мешіттер салынууда. 2011 ж. басында 2416 мұсылман ғимараттары қызмет атқаруда. 2005 ж. 22 науырызында Астанада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің қатысуымен еліміздегі ең ірі мешіттердің бірі «Нұр-Астана» мешіті ашылды. Мешіттің салтанатты ашылуында сөз сөйлеген Елбасы: «Жаңа мешіт Қазақстанның

жас астанасының нағыз рухани және діни орталығына айналады, ал оның өз сұлулығымен ерекшеленетін ғимараты қаланың сәулеттік келбетін көркемдей түсіп, оны қайталанбастай етеді... Діни ғимаратпен танысқан қала қонақтары Астана туралы қазіргі замандағы ең үлкен діндердің бірі исламды ұстанатын мемлекеттің астанасы деген ой қалыптастырады» – деді. Ол Астанамыздың сол жағалауын көркейткен Ислам мәдени орталығы құрамына енді. Мешіт күніне бес мың адамды қабылдай алады. Айналасында биіктігі 62 метр төрт мұнарасы бар ғимаратты алюминий және алтынмен қапталған 21 күмбез безендіріп тұр. Бас күмбездің биіктігі 43 метр. Алматыда «Нұр-Мұбарак» Қазақстан-Мысыр Ислам университеті ашылды. Жыл сайын жаңа медреселер пайда болуда. Дін ұстанушылар саны күннен күнге өсуде, олардың арасында жастар көп. Орташа және жоғарғы діни білім алатын адамдар саны көбеюде. Меккеге қажылыққа баратын қазақстандақтар саны өсуде. 2001 ж. қажылыққа 228 адам аттанса, 2007 ж. желтоқсанында 4300 қажылар ұзақ жолға шықты. 2006 жылдан Қазақстанда мұсылмандардың мейрамы Құрбан айттың бірінші күні демалыс деп жарияланды. Қазақстан 50-ден астам мұсылман мемлекеттерін біріктіретін Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының мүшесі. Әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы мен

тарихы болады. Ислам өркениеті қазақ халқына Отырар, Сайрам, Түркістан, Өзкент, Сығанақ, Тараз, Баласағұн және т.б. білім һәм үлкен мәдениет ордаларымен талай ғұлама ғалымдарды, танымал теологтар мен шайырларды берді. Ислам қайнарынан сусындаған ондай кемеңгерлер ғылым мен білімді дамытуға барынша үлес қосты. Ислам – бейбітшілік, зиялылық, имандылық, шапағат, қайырым, мейірім діні. Ол тек арабтарға немесе белгілі бір ру, тайпа, ұлт, нәсілге емес, бүкіл адамзатқа түсірілген. Олар ынтымақта болсын, бірін-бірі танысын, достықта өмір сүрсін деп түсірілген. Алла барлық нәрсені қамтып біледі» (Әл-Хужурат сүресі, 13-аят), – деп әрбір ұлт өз мәдениетімен, салт-дәстүрімен өмір сүру ұлттық ерекшелікті сақтаудың негізгі факторы екенін көрсетеді. Әлемнің 1 миллиард 500 миллионнан астам әр түрлі ұлттан тұратын неше мың тілдік, нәсілдікортасы бар халық ұстанып отырған Ислам дінінің тарих сахнасында болуы он төрт ғасыр уақытты қамтиды. Ізгілік пен ізеттіліктің, береке мен бірліктің, екі дүние мен бақытының бастауы болған асыл дініміз-Исламның қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқанына да 1250 жылдан асты. Байтақ даланы мекендеген бабаларымыз өз салт-дәстүрі мен болмысына барынша жақын дінді сонау VIII ғасырда қабылдаған. Ислам содан бері жұртымыздың жүрер жолы, бағыт-бағдары, қорғаны, тірегі де болып келеді. Асыл діннен қуат алған халқымыз қамыққанға қамқор бола алатын, ұлттар мен ұлыстарды ынтымаққа ұйытқан іргелі елге айналды [1, 376 б.].

Білім мен мәдениеттің ордасы саналған Отырар, Сайрам, Түркістан, Тараз, Баласағұн, Сығанақ сында қалалардан шыққан ғалымдардың Ислам өркениетіне қосқан үлесінің айрықша екендігі баршамызға белгілі. Солардың ішінде Әбу Насыр Әл-Фараби, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайри секілді даланың дана да дара перзенттері салған ғылым, білім, парасат жолы қазір қайта жаңғыру үстінде. Орталық Азия ислам білімі мен ғылымының, мәдениеті мен әдебиетінің құқықтық заңдарының дамуына айтарлықтай ықпал етті. Алгебраның негізін салушы әл-Хорезмнің, медицинаның атасы деп танылған Ибн Синаның, физика ғылымының майталмандары – Бируни мен Ұлықбектердің тұлғасы ұрпақ үшін мәңгі өнеге әрі мақтаныш. Мұсылман қауымына, жалпы,

белгілі әрі беделді дін оқымыстылары Әбу Ханифа, Имам Матуриди, Имам әл-Бұхари, Тирмизи, мұсылман жамағатын ізгілікке шақырған Арыстан-баб, Кожа Ахмет Ясауилер Ислам білімі мен ғылымында өшпес мұра қалдырды. Қарахандар мемлекетінің өркендеген тұсында бабалар жолын жалғастырып, дәстүрлі Ислам дінінің Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын халқымыз өркениет пен даму жолына түсті. Исламның қазақ топырағына келуімен көптеген жақсылықтарға қол жеткіздік. Салт-дәстүріміз, бітім-болмысымыз Исламмен біте қайнасып, өркениетке кадам бастық. Кеңпейіл, сабырлы, аузынан Алласы туспеген тәубашыл халқымыздың зор мұсылмангершілігі онын өзге діндегі керші елдермен де тіл табысып, еларалық татулықты сақтауға септігін тигізуде. Кемшіліксіз адам болмайтындықтан, пенде бірде артық, бірде кем кетеді. Кейде әлсіздік танытып, қателікке ұрынады. Тағы бірде сабырсыздыққа ұрынып, айналасын ренжітіп алады. Кейде көрінуге тиіс биіктерден көріне алмай әлсіздік танытады. Даналықпен, асқан мейірімділікпен кейде керек кезінде қатаңдықпен жауап қату да кез-келген қиындықтан шығудың жолын көрсете білуі осы ислам дінінің адами факторды кемелдендіруі сипаты құрамақ. [2, 379 б.].

Қазақстандағы ислами білім беру жүйесі кеңестік кезеңде өзінің дәстүрлі арнасынан қол үзіп қалғаны белгілі. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде бұл сала қайта жанданды. 1991 жылдан басталған жаңғыру үдерістерінің нәтижесінде ел аумағында көптеген діни білім беру ұйымдары (ДББҰ) ашыла бастады. Бұған 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған ҚР «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы тікелей әсер етті. ДББҰ қатарында ислам, православие, католик, христиан, т.б. конфессиялардың діни бірлестіктеріне қарасты оқу орындары болды. 2011 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша елімізде діни бірлестік нысанындағы 29 ДББҰ тіркелген. Аталған мекемелер заңды тұлға ретінде тіркеуден өтетіндіктен олардың есебін ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық қызмет көрсету комитеті жүргізген. Дегенмен ДББҰ-ның дербес базасы жасақталмағандықтан және оларға қатысты мәліметтер тіркелген заңды тұлғалардың жалпы базасынан алынып отыратындықтан, есептерде

бірізділік болмай, 2009–2011 жылдары ДББҰ саны 27–31 аралығында ауытқып отырды. Сонымен қатар, аталған база тұрақты түрде жаңартылып тұрмағандықтан, оның есебінде тіркелген, бірақ нақты қызмет атқармайтын немесе түрлі себептермен қызметін тоқтатқан ДББҰ едәуір болатын. 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған ҚР Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы ДББҰ қызметіне елеулі өзгеріс әкелді. Аталған заңның 13-бабының 3-тармағына сәйкес діни білім беру ұйымдарын тек республикалық діни бірлестіктер мен өңірлік діни бірлестіктер ғана құра алатын болды. Заң бойынша мұндай ұйымдардың діни қызметшілер даярлаудың кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын мекемелер нысанында құрылуы көзделді. Осы нормаға сәйкес 2012 жылы жүргізілген діни бірлестіктерді қайта тіркеу үдерістері негізінде бұған дейін діни бірлестік ретінде қызмет атқарып келген діни оқу орындары таратылып, олардың 13-і республикалық діни бірлестіктер құрамындағы оқу мекемелері ретінде қайта құрылды. 2013 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша елімізде «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігіне (ҚМДБ) қарасты 9 медресе, республикалық Имамдардың білімін жетілдіру ислам институты, «Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби әт-Түркістани» республикалық қарилар дайындау орталығы, «Ықылас» қарилар дайындау орталығы секілді 12 ДББҰ қызмет атқарады. Сонымен қатар католиктік конфессияға тиесілі «Мария-ана шіркеуі» Епархияаралық жоғары діни семинариясы өз қызметін жалғастыруда [6, 140 б.].

Исламдық білім беру жүйесінің жолға қойылуында ҚМДБ шешуші роль атқарды.

Қазір еліміздегі ислами білім беру жүйесі бес деңгейде қызмет атқарады:

- 1 Діни сауат ашу
- 2 Қарилар дайындау орталықтары.
- 3 Медреселер.
- 4 Білім жетілдіру институты.
- 5 Университет.

Діни сауат ашу курстары.

Еліміздегі көптеген облыстық, аудандық, қалалық мешіттер жанынан көпшілікке арналған діни сауат ашу курстары ұйымдастырылған. Сонымен қатар ҚМДБ-ның қолдауымен мектеп жасындағы балалар үшін жыл сайын жазғы діни сауат ашу курстары ұйымдастырылып,

жұмыс жүргізуде. 2013 жылдың I тоқсанындағы есеп бойынша исламдық сауат ашу курстарының саны – 334, білім алушылар саны – 5789. Ислами білім берудің бастауыш деңгейі – діни сауат ашу курстары жетілдіру мақсатындағы бірқатар өзгерістерді қажет етеді. Өйткені діни сауат ашу курстары көпшілік арасындағы ислами ағартушылық жұмыстарын жүйелі түрде және кең көлемде жетілдіруге мүмкіндік беретін басты тетік болып табылады. Бірақ діни сауат ашу курстарының басы кемшіліктерінің бірі – шәкірттерге ешқандай жауапкершілік жүктемейтіні, сондықтан курс шәкірттерінің оқу үдерісін кез келген уақытта үзіп, тастап кетуі жиі кездеседі. Нәтижесінде діни сауат ашу курстарына түскен шәкірттер саны мен бітірушілер саны арасында үлкен айырмашылық пайда болады. Астана медресесі ұстаздарының мәлімдеуінше, Құран оқу курстарына жазылған жүздеген шәкірттен тек бірнешеуі ғана курсты толық бітіріп шығады. Бұл жағдай оқытушылардың білім беруге деген ынтымағына кері әсер етеді әрі сырт көпшілік тарапынан діни сауат ашу курстарында берілетін білімнің сапасына күмән туғызады. Сондықтан аталмыш діни сауат ашу курстарының бағдарламаларын жетілдіріп, діни мектептерге айналдыру мәселесін қолға алу қажет. Мұндай діни мектептерді бітірушілерге бастауыш діни білім алғандығы жөнінде сертификаттар берілуге тиіс. Бұл бастауыш діни білімнің деңгейін көтеріп, анағұрлым кең көлемде жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді, жүргізілген жұмыстардың жемісті, нәтижелі болуына үлкен септігін тигізеді. Сонымен қатар діни сауат ашу курстарында емес, діни мектеп деңгейінде оқу дәріс алушылардың да ықыласы мен жауапкершілігін арттырады, болашақта діни қызмет атқару немесе діни оқуын жалғастыру мүмкіндіктерін ұлғайтады [4, 2 б.].

Мешіт – Алланың жердегі үйі. Оны кім салса да, ісімнің қаражатына салынса да ол тек ғибадат орны ғана емес, ұлты мен ұлысына қарамастан, біртұтас мұсылман жамағатының бірлігі мен ынтымағын, достығы мен бауырластығын күшейтіп, нығайта түсуге қызмет ететін рухани орталық. Сонда ғана мешіт өз міндетін жан-жақты жүзеге асырып, халық игілігіне қызмет етеді. Орал мен Қызылжарда жаңа мешіт салынды. Мешітте ұлтына да, ұлысына да нәсіліне де қарамастан

барып мұсылман құлшылық етеді. Демек, оны бір ұлтқа меншіктеу әбестік. Біздің ел ынтымағы мен бірлігі жарасқан мақсаты да мүддесі де ортақ көп ұлт пен ұлысты мемлекет. Қазақстан-демократиялық жолмен дамып келе жатқан зайырлы жас мемлекет. Сондықтан көп қатпарлы діни мәселелерді қашанда жігі бағамдағы, оған барынша сергек қарайтын кез әлдеқашан жетті. Иә, сырттан келген миссионерлер мен түрлі секта өкілдерінің діни сенім-наным бостандығын заңды бетперде етіп жергілікті халықты қандайда да бір жолмен болсын азғырып, өз секталарын таратуына жол бермеуі тиіс.

Жалпы алғанда, ел аумағында діни білім мен діни тәрбиені ұйымдастыру ісінің қазақстандық билік тарапынан саналы түрде шектелгенін айтуға болады. Тек 2018 жылдың ішінде заң тарапынан қойылған шектеулерді бұзған адамдарға қатысты көптеген іс қозғалған еді. Мысалы: дін әдебиетті тегін таратуға байланысты 10 оқиға бойынша сот ісінің қозғалғаны туралы хабарлар болған. Діни сенім бостандығы бағамен ұсынған адамдардың үстінен іс қозғалғаны жөнінде 32 оқиға белгілі болды. Заң бұзушылықтың 17 оқиғасында сату онлайн жүйесі бойынша іске асқан болатын. Бұның аяғы ескертулер мен айыппұлдармен, тәркіленген бұйымдарды жою және түрмеге қамаумен жалғасты. 3 адам (2017 жылы 2 адам) жауапкершілікке тартылды және оларға іс-тәжірибелік оқу саласында жіберген заң бұзушылықтары үшін айыппұлдар салынды. Қазақстандағы Иегова куәгерлерінің мысалы көрсеткендей, әсіресе, шағын діни қауымдарға бұл мәселенің қаншалықты қиын соғатыны түсінікті жай. Олардың тоғызы 2018 жылы өздерінің діни сенімдерін уағыздағаны үшін сотталды. Бұның құқықтық негізі – Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490 бабының 3 тармағы, онда мемлекеттің тіркеуінсіз діни үгіт-насихат жүргізуге тыйым салынады. Бұдан бөлек, дінді таратуға арналған әдебиет пен ақпараттық материалдарға тыйым салынған, сонымен қатар, оларды сақтағаны үшін де айыппұл салынады. Бұған қоса, Қазақстанда діни шығармалар мен материалдарды жою көптеген батыс елдеріне қарағанда тыйым салуға жатқызылмайды. 2018 жылы 85 ислам кітабы мен бір христиандық «Библия тарихы» деген кітап жойылды. Бұл жерде

басты ықпал етуші тұлға – ҚР Бас прокуратурасы, ол елде біршама ауқымды өкілеттіктерге ие. Мешіт пен шіркеудің құрылысы 1990 жылдары православ шіркеуінің көптеген ғимараттары салынды немесе қайта жаңғыртудан өтті. Қазақстан православ шіркеуін халықаралық деңгейде қолдайды. Москвадағы құтқарушы Мәсіхтің ғибадатханасын қайта құру үшін ғибадатхананың қабырғасына арналған гранит Қордайдан жіберілді. Сонымен бірге, өз елімізде де күрт өзгерістер орын алды. Мысалға айтар болсақ, Алматыда діни оқу үшін арнайы оқу орны ашылды – Алматы православиелік діни семинариясы. Оқу мекемесі оқуды толық және жарты күн өткізуді ұсынады. Оқушылар діни мәтін мен шіркеу тарихының гомилетикасымен қоса, орыс, қазақ, ағылшын тілдерінен, сондай-ақ Қазақстан Корли. Қазақстандағы діни сенім бостандығы туралы тарихынан терең білім алады. Алматыдағы Әулие Вознесенск православиелік шіркеуінің діни қызметкері Александр Суворов өзінің 2019 жылдың 2 наурызында берген сұхбатында осы оқу мекемесінің маңыздылығын атап көрсетті. Өйткені шетелдік діни оқу орындарына түсуге белгілі шектеулер қойылған, сондықтан Қазақстаннан тыс жерлерде салмақты діни білімді шамалы ғана адам алуы мүмкін. Оның айтуынша, православиелік шіркеу келушілермен діни оқу өткізуімен шектелмей, демалыс күндері балаларды мектепке дайындау сабақтарын жүргізеді. Онда оларға оқуды, есепті және жазуды үйретеді. Кейінгі жылдары мұсылман ұйымдары үшін көптеген жаңа мешіттер бой көтерді. Әсіресе екі ірі жоба ерекшеленеді. Астанадағы 2012 жылы есігін ашқан Әзірет Сұлтан мешітінің күмбезінің биіктігі 51 метр және ені 28 метр, әрқайсысының биіктігі 77 метр болатын 4 мұнарасы бар. Мұнда 10 000 адам сыяды деп жоспарланған. Бұл Орталық Азиядағы ірі мешіт туралы қоғамда қызу пікірталастар өтті. Оны Сауд Аравиясы қаржыландырды дегендей пікірлер орын алды және оның құрылысы Қазақстанда ваххабизмді алға бастыру ниетімен байланыстырылды. Алайда, бастаушылар өз мақсаттарына жете алмады және Қазақстан Республикасында исламның өздері жоспарлаған түрін бекіте алған жоқ. Исламды әсіре дәстүршілдік көзқараспен түсіндіретін ваххабизм діні Сауд Аравиясы Корольдігінде басымдыққа ие. Қазіргі уақытта Сауд Аравиясының

қаржысына мешітке қарама қарсы жерде діни мектеп салып жатыр. Роман Подопригора үкімет мұндай қаржыландырудың артында не тұрғанын сезеді және бұл жағдайды бақылауында ұстап отыр деп үміттенеді. Мұсылман ұйымдары үшін Нұр-Астана мешітінің үлкен маңызы бар. Оның құрылысы 2008 жылы біткен болатын, оның күмбезінің биіктігі 40 метр және әр мұнарасы 63 метрден. Мешітте бір уақытта 5000 ге дейін адам жайғаса алады және сыртында тағы 2000 адам құлшылық етеді. Нұр-Астана мешіті сол кездегі Катар әмірі Халифа бин Хамад әл-Танидің сыйы еді. Балпанов, Діни сенім бостандығы Шетелдік қаржылай көмек берушілердің белсенділігі білім саласында да байқалады [11, 332-б.]. 2001 жылы Мысыр үкіметінің қаржылай қолдауының арқасында ислам мәдениетінің университеті «Нұр-Мұбарак» ашылған болатын. Ол Қазақстанда имамдар білім алатын бірінші университет болды. 2008 жылы онда 500 ден астам студент оқыды, олар арабтану, ағылшын тілі, салыстырмалы исламтану мамандықтарын және педагогика бакалавры мен магистрі болу үшін оқыды. Білім министрі исламды зерттеу курсы ашуға аккредитация бермеді, себебі Қазақстанның зайырлы мемлекетке жататынын ескерген еді. Сондай-ақ, Мысыр Алматыдағы Ислам институтын қаржыландырды. Институт Қазақстан мұсылмандары үшін «Иман» журналын шығарады, сонымен қатар қазақ тілінде Құранды басып шығарады, ислами білімді қолдайды және Қазақстанның тарихы мен этнологиялық мұрасына арналған «Ислам шапағаты» журналын шығарады. Араб қорларының Шымкентте «Отырар» қазақ-араб университеті және Қазақ-Кувейт гуманитарлық академиясы құрылды. Діни радикалдану Қазақстандағы діни ұйымдар, жалпы алғанда, тату өмір сүріп жатыр. Алайда, елден тыс жерлерде радикалданудың күшейгені байқалады. 2011 жылдың 13 қазанында қабылданған дін туралы заң елдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Үкіметтің қауіптенуі негізсіз емес. Бұл шаралардың іске асуына 2011 жылы орын алған терактілер себеп болды. Исламдық террористік ұйымдарға кірген Қазақстан азаматтары туралы хабарлар үсті-үстіне түсіп жатты. Мысалы, 2013 жылдың күзінде интернет желісінде

Сириядағы жартылай қаруланған 150 адамның ішінен қазақстандық отбасы туралы хабар көрсетілді. [11, 332-б.] Қазақстандағы діни сенім бостандығы туралы Қазақстан үкіметі қауіпсіздікке байланысты мәселелерді бірінші кезекте репрессивтік заңнама арқылы шешуге тырысады. Алғашқы қадам ретінде экстремистік ұйымдарға тыйым салатын заң қабылданды. Құқық қорғаушы ұйымдар мұны сынға алып отыр, олардың пікірінше заң қарсы пікірдегі адамдарды қудалауды жеңілдетуі мүмкін немесе ондай адамдарды әлеуметтік желілерде іздестіруге көмектеседі. Радикалданудың басты себебі болып отырған елдегі кедейшілік, үгіт-насихатқа қатысты сауаттылығының кемшіндігі, әсіресе, ауылдық жерлерде білімнің төмендігі тиісті жолмен шешілмей отыр. Қазіргі таңда адамды түрлі ағымдар мен теріс ойлы топтарға тарту интернет арқылы жүзеге асатындықтан, бұл мәселе де үкімет енгізген шектеулерге ұшырауда. Экстремистік көзқарастарға мемлекет қатаң шаралар қолданған сайын, қарсы жауаптар да күшейе түседі. Түрлі шектеулер мен санкцияларды лаңкестік ұйымдар өз қатарына жақтастарды тарту үшін тиімді пайдаланады, саясаттан хабары жоқ қарапайым халық өздерін репрессия құрбаны сезінеді. Осылайша, мемлекет те, экстремистер де жағымсыз түрде көрінеді. Әрине, бұл қазақстандық үкіметтің мүддесіне қайшы, сол себепті қандай да бір теріс пиғылды топтарға қандай шара қолдануға болады деген сұрақ туады. Тағы бір өзекті мәселе – адамдардың қоғамға қайта кірігуі, мысал ретінде Сириядағы экстремистік ұйымдарға мүше болып кірген, біршама уақыт өткен соң Қазақстанға қайта оралғысы келген азаматтарды айтуға болады. Бұндай адамдарға қатысты белгілі бір үрей қалыптасқан. Мысалы, осыған байланысты Қазақстан үкіметі азаматтықтан айыру туралы мәселені бірнеше рет көтерді, бұл, әрине, қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттің мүддесіне сай келеді. Алайда, бұл жағдайда «азаматтығы жоқ тұлға» мәселесі басқа елдердің қарауында қалады. Осындай күрделі ахуалда өтетін пікірталас шиеленістің тоқтауына ықпал жасай алмайды. Сондай-ақ радикалдық іс-әрекеті үшін адамның туыстары немесе достары жауапқа тартылған жағдайлар туралы хабарлар түсіп тұрады. Дегенмен, Қазақстанның радикалдық жолға түскен

өзінің азаматтарын ұрыс жүріп жатқан жерлерден елге қайтару мақсатындағы әрекеттерін діни сенім бостандығы атап айтуымыз керек. Әсіресе, бұл әйелдер мен балаларға қатысты. Мысалы, 2019 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырысымен Сириядағы ұрыс алаңдарынан Қазақстан азаматтарын қайтару үшін төрт кезеңнен тұратын гуманитарлық «Жусан» операциясы жүргізілді. Бұл іске арнаулы құрылымдардың қызметкерлері, әскерилер, дипломаттар және басқа да осыған қатысты құрылымдардың адамдары жұмылдырылды. Гуманитарлық акция АҚШ-тың логистикалық және сириялық демократиялық күштердің қолдауымен жүзеге асты. 2020 жылдың басында «Жусан» операциясының қорытындыларды бойынша Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті (ҰҚК)

